

# «Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

## «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі» ММ-не

### «Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 2024-2025 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың жұмысын талдау

Оқу жылының басында әлеуметтік педагогтың 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) және басқа да нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделіп әзірленді.

Аталған жоспар білім алушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, олардың құқықтарын қорғау, құқық бұзушылықтың алдын алу, сондай-ақ ата-аналармен және сыртқы ұйымдармен тиімді өзара әрекеттестікті қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылды.

Жыл бойы жұмыс жоспардағы негізгі бағыттар бойынша жүйелі түрде орындалып, жоспарланған нәтижелерге қол жеткізілді.

#### **I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу**

##### **Атқарылған жұмыстар:**

**Жұмыс жоспарын әзірлеу және жүзеге асыру:** Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары 26.08.2024 ж. әзірленіп, бекітілді және оқу жылы бойы қатаң түрде орындалды. Жоспардың орындалу барысы ай сайын бақылауда болды.

**"Ұлттық білім беру деректер қоры" (ҰББДҚ) жүйесінде мәліметтер жүргізу:** Жыл бойы мектептегі білім алушылар туралы мәліметтер ҰББДҚ-да үнемі жаңартылып отырды. Бұл оқушылардың санын, жас ерекшеліктерін, отбасылық жағдайларын және басқа да маңызды деректерді жүйелі түрде тіркеуге мүмкіндік берді.

**Мектептің әлеуметтік паспортын жаңарту және құру:** 02.09-02.10.2024 ж. аралығында мектептің әлеуметтік паспорты ҰББДҚ-да жаңартылып, толықтырылды.

**Сыныптардың әлеуметтік паспорттарын жинау:** Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын зерттеу жөніндегі мәліметтер және сыныптың білім алушылары туралы кестелер (сыныптың әлеуметтік паспорты) 02.09-02.10.2024 ж. жинақталды. Жалпы 11 сыныптың әлеуметтік паспорты жинақталып, талданды.

**Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету:** Толық емес, аз қамтылған және АӘК алатын 18 оқушы 26.08-29.08.2024 ж. аралығында толықтай оқулықпен қамтамасыз етілді.

**Білім алушылардың әлеуметтік санаттары туралы мәлімет:** 2024 жылдың 2 қыркүйегі мен 31 қазаны аралығында мектептің әлеуметтік паспорты жасақталды. Барлық оқушылар саны – 105. Әлеуметтік санаттар бойынша оқушылардың отбасы түрлері мен басқа да көрсеткіштері анықталды.

##### **Отбасы түрі бойынша:**

- Толық отбасылардан шыққан оқушылар – 46 отбас (барлығы 85 оқушының 81%-ы);
- Толық емес отбасылар – 14 отбас (20 оқушының 19%-ы);
- Анасы жоқ балалар – 1 оқушы (0,1%);
- Әкесі жоқ балалар – 13 отбас (19 оқушының 18%-ы);
- Көпбалалы отбасылардан – 17 отбас (47 оқушының 45%-ы);
- Аз қамтамасыз етілген отбасыдан – 1 оқушы (0,1%);
- Жетім немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар – жоқ;
- Мүмкіндігі шектеулі (мүгедек) балалар – 1 оқушы (0,1%);
- Азаматығы жоқ, не басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын оқушылар – жоқ;
- Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде немесе мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар – жоқ.

##### **Ата-аналарының білім деңгейі:**

- Жоғары немесе жоғары білімнен кейінгі – 26 ата-ана (24,6%);
- Техникалық және кәсіптік білімді – 47 ата-ана (44,3%);
- Орта білімді – 33 ата-ана (31,1%).

Бұл мәліметтер оқушылардың әлеуметтік мәртебесін, отбасылық жағдайын және ата-аналардың әлеуетін жан-жақты зерделеуге мүмкіндік беріп, алдағы әлеуметтік-педагогикалық жұмысты нақты жоспарлауға негіз болды.

**Өзге де санаттағы білім алушыларды анықтау:** Өгей ата-анасымен тұратын оқушы – Адилов Калиахмед анықталып, тиісті санатқа енгізілді. Сонымен қатар, тәуекел тобына жататын 1 оқушы – Дарғабаұлы Бауырбек анықталып, арнайы есепке алынды және тәуекел тобы бойынша тізім жасақталды.

**Жергілікті уәкілетті органдарға мәлімет жолдау:** Мектептің әлеуметтік паспорты және әлеуметтік мәртебеге ие білім алушылардың тізімі 02.09-31.10.2024 ж. аралығында жергілікті білім беру бөліміне және басқа да уәкілетті органдарға жолданды.

**Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жеке іс-қағаздарын реттеу:** 2024–2025 оқу жылы барысында «Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тіркелген жоқ. Дегенмен, әлеуметтік педагог тарапынан бұл санаттағы балаларға қатысты құжаттар мен есеп жүргізуге дайындық, бақылау және алдын алу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді.

### Нәтижелер:

Мектептегі оқушылардың әлеуметтік жағдайы туралы толық және жүйелі деректер базасы қалыптастырылды.

Әлеуметтік қолдауды қажет ететін басқа санаттағы оқушылар (көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасы балалары) анықталып, оларға тиісті көмек көрсетілді.

| №   | Әлеуметтік санаттар                                          | саны  | %      |
|-----|--------------------------------------------------------------|-------|--------|
|     | Барлық оқушылар                                              | 105   | 100%   |
|     | Отбасы түрі бойынша:                                         |       |        |
| 1.  | Толық отбасылар                                              | 46/85 | 81%    |
| 2.  | Толық емес отбасылар                                         | 14/20 | 19%    |
| 3.  | Анасы жоқ балалар                                            | 1/1   | 0,1%   |
| 4.  | Әкесі жоқ балалар                                            | 13/19 | 18%    |
| 5.  | Көп балалы отбасы                                            | 17/47 | 45%    |
| 6.  | Аз қамтамасыз етілген отбасы                                 | 1/1   | 0,1%   |
| 7.  | Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар    | 0     | 0%     |
| 8.  | Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар              | 1     | 0,1%   |
| 9.  | Азаматтығы жоқ білім алушылар                                | 0     | 0%     |
| 10. | Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар     | 0     | 0%     |
| 11. | Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар | 0     | 0%     |
| 12. | Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар                       | 0     | 0%     |
|     | Ата-аналарының білімі:                                       |       |        |
| 1.  | Жоғары, жоғары білімнен кейінгі                              | 26    | 24,6 % |
| 2.  | Техникалық және кәсіптік                                     | 47    | 44,3%  |
| 3.  | Орта                                                         | 33    | 31,1%  |

## II. Балалық құқығын қорғау жұмысы

### Атқарылған жұмыстар:

**Білім алушыларды бір реттік тамақтандырумен қамту:** 02.09.2024-23.05.2025 ж. Аралығында 1-4 сынып оқушылары, аз қамтылған және әлеуметтік мәртебегіне 58 оқушы мектеп асханасы есебінен бір реттік ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Бракераждық комиссияның жұмысы жолға қойылды, ас мәзіріне қатысты шағымдар тіркелмеді. Жалпыға бірдей оқумен қамыту қоры арқылы материалды көмек 15 оқушыға қаржылық көмек көрсетілді.



<https://www.instagram.com/p/DH21v5x17iq/?igsh=cHc5bDh1NGc3Mjdq>

**Жазғы лагерьлерге жолдама беру:** 02.06.-13.06.2025 ж. аралығында білім алушылардың жекелеген санаттарына (толық емес, аз қамтылған отбасынан шыққан және дарынды оқушыларға) қала сыртындағы 4 және мектеп жанындағы аланына 16 жолдама берілді. Бұл балалардың жазғы демалысын тиімді өткізуіне ықпал етті.

**Демеушілер арқылы қаржылай және материалдық қолдау:** Республикалық «Мектепке жол» акциясын Ақтөбе облысының білім басқармасының 2024 жылғы 15 шілдедегі №01-14/2288 хаты негізіне алынып «Мәртөк ауданының білім бөлімі» ММ-нің «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясын ұйымдастыру және өткізу бойынша Мәртөк ауданының іс-шаралар жоспарына сәйкес мектепшілік жоспар құрылды. «Мектепке жол» республикалық акциясы мектеп оқушыларын жалпыға бірдей міндетті біліммен қамтамасыз ету мақсатында өткізіледі. Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта алады, әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аудара алады. Акцияның мақсаты – аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу. Акция 2024 жылдың 1 тамыздан бастап, 30 қыркүйекке дейін жалғасатын. Тамыздың бірінен бастап жалпы 15-оқушыға 165000 теңге көлемінде көмек көрсетілді жеке кәсіпкерлер мен ұстаздардың атынан. Акция туралы мәліметтер мектеп парақшасына жарияланды.



**Әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету:** Психологиялық қызметтің жұмыс жоспарына сәйкес, білім алушыларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау үнемі көрсетіліп отырды. Әсіресе, оқу үлгерімі төмен және мінез-құлқында ауытқулар бар оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді.

**Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы:** Оқу жылы бойы буллингтің алдын алу бойынша профилактикалық, диагностикалық және әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету жұмыстары жүргізілді. Мектепте буллинг фактілері тіркелмеді.

**«Қош келдің, жаңа жыл» акциясы:** 23.12.-27.12.2024 ж. аралығында Жаңа жыл мерекесі қарсаңында аудандық, облыстық және президенттік шыршаларға **2 оқушы** қатыстырылды. Сондай-ақ, **18 оқушыға** демеушілер есебінен жаңа жылдық сыйлықтар табысталды.



**Өгей ата-анасымен тұратын білім алушыларды қолдау:** Оқу жылы бойы өгей ата-анасымен тұратын **1 оқушы** бақылауға алынып, олармен және отбасыларымен диагностикалық жұмыстар жүргізілді.

**«1 маусым – Балаларды қорғау күні»:** 02.06.2025 ж Балаларды қорғау күніне орай мектепте мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – балалардың құқықтарын қорғау, олардың көңіл-күйін көтеру және мерекелік атмосфера сыйлау. Іс-шараға 70-тен астам оқушы қатысты. Оқушылар үшін түрлі ойындар, викториналар, ән-шашу және көңілді жарыстар ұйымдастырылды. Балалар ерекше белсенділік танытып, көтеріңкі көңіл күйде болды. Сонымен қатар, балаларға тегін балмұздақ таратылды. Аталған шараға демеушілік көрсеткен – ИП «Акниет» жеке кәсіпкері. Балалар мен ата-аналар тарапынан алғыс айтылып, іс-шара жоғары деңгейде өтті.

### **Нәтижелер:**

Білім алушылардың әлеуметтік-материалдық жағдайы жақсарып, әлеуметтік топтағы балаларға жан-жақты қолдау көрсетілді. Балалардың құқықтарын қорғау бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың сапалы тамақтануы және жазғы демалысы қамтамасыз етілді. Демеушілермен жұмыс нәтижелі болып, қосымша көмек көздері тартылды.

### **III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс**

#### **Атқарылған жұмыстар:**

АІБ ЮПТ есебіндегі, сәтсіз, мектепішілік есептегі және тәуекел топтағы оқушылармен жұмыс: Әр айдың 5-іне дейін аталған санаттағы оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Әлеуметтік-педагогикалық қолдау, психологиялық диагностика, жеке жоспарлар құру, сабаққа қатысуын бақылау жұмыстары ұйымдастырылды.

Есептік кезеңде АІБ ЮПТ есебінде, сәтсіз және мектепішілік есепте тұрған оқушылар анықталған жоқ. Тек әлеуметтік жағдайына байланысты толық емес отбасы 1 оқушы тәуекел тобында тіркелді, онымен жоспарға сәйкес профилактикалық және қолдау жұмыстары тұрақты жүргізілді.

### Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша рейдтік іс-шаралар:

02.09.2024 ж. - 23.05.2025 ж. аралығында құқық бұзушылықтың, қаңғыбастық пен тіленшіліктің алдын алу мақсатында профилактикалық рейдтік іс-шаралар өткізілді. Түнгі уақытта ата-анасыз жүрген 3 бала анықталып, ата-аналарына ескерту жасалды.



### Профилактикалық жұмыстар:

- Білім алушыларға құқықтық сауаттылық, құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстары тұрақты жүргізілді.
- 24.10.2025 ж. күні «Әр баланың құқығы – мемлекет құндылығы» тақырыбында семинар-тренинг өткізіліп, оған 27 оқушы қатысты.
- Ата-аналар үшін арнайы түсіндірме бейнероликтер дайындалып, мектептің әлеуметтік желідегі ресми парақшаларына жарияланды.

[https://www.instagram.com/reel/DJ1i3\\_qNEfC/?igsh=MWhmdG81OGs4dHhqcw==](https://www.instagram.com/reel/DJ1i3_qNEfC/?igsh=MWhmdG81OGs4dHhqcw==)

<https://www.instagram.com/p/DJtnLS0oI0S/?igsh=MWh1OXh3MmZteXF4Zg==>

[https://www.instagram.com/p/DJlwAVVN3E3/?img\\_index=2&igsh=MW1jMnMzZ3YwbzYzdQ==](https://www.instagram.com/p/DJlwAVVN3E3/?img_index=2&igsh=MW1jMnMzZ3YwbzYzdQ==)

[https://www.instagram.com/p/DJgXwjWIBLb/?img\\_index=3&igsh=MXhzZnFvYXV3amxmdg==](https://www.instagram.com/p/DJgXwjWIBLb/?img_index=3&igsh=MXhzZnFvYXV3amxmdg==)

<https://www.instagram.com/p/DJFS8BVoooU/?igsh=MXFmaGhpaHfXZnUzcg==>

[https://www.instagram.com/reel/DHVi\\_w3i7bp/?igsh=MWlnMTRiNTBoajRyOQ==](https://www.instagram.com/reel/DHVi_w3i7bp/?igsh=MWlnMTRiNTBoajRyOQ==)

[https://www.instagram.com/reel/DHVi\\_w3i7bp/?igsh=MWlnMTRiNTBoajRyOQ==](https://www.instagram.com/reel/DHVi_w3i7bp/?igsh=MWlnMTRiNTBoajRyOQ==)

<https://www.instagram.com/p/DGu9gDatOBp/?igsh=bDF2dTRpa3Y4dXg2>

Қорытынды: Құқық қорғау органдарында және мектепшілік есепте тұрған оқушылар анықталған жоқ. Әлеуметтік жағдайы бойынша тәуекел тобында тек 1 оқушы тіркелген.

### IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы Атқарылған жұмыстар:

#### Әлеуметтік-медициналық санаттағы оқушыларды анықтау:

Әр айдың 25-күні әлеуметтік-медициналық санаттағы оқушыларды анықтау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде әлеуметтік-медициналық санатқа жататын оқушылар анықталған жоқ. Тиісті бақылау жұмыстары тұрақты түрде жалғасуда.

**Директор жанындағы кеңестерге қатысу:** Оқу жылы бойы директор жанындағы кеңестерде сабаққа себепсіз келмейтін, өгей ата-анасымен тұратын және әлеуметтік педагог қызметіндегі мемлекеттік қызметтер туралы мәселелер қаралып, хаттамалар рәсімделді.

#### Педагогикалық кеңестерге қатысу:

Педагогикалық кеңестерде білім алушылардың әлеуметтік жағдайы, бір реттік ыстық тамақтың сапасы, келіп түскен өтініштер мен арыз-шағымдар мәселелері қарастырылды. Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар анықталған жоқ. Осы санаттағы балалар тіркелмеген.

## **Қамқоршылық кеңес отырыстарына қатысу:**

Оқу жылы барысында Қамқоршылық кеңестің жоспарлы және кезектен тыс отырыстарына қатысу қамтамасыз етілді. Кеңес отырыстарында келесі мәселелер қаралды:

- Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан оқушыларға бір реттік ыстық тамақ ұйымдастыру сапасы;
- Жазғы мектеп жанындағы лагерьге жолдама бөлу;
- Аз қамтылған және әлеуметтік осал санаттағы оқушыларға қаржылай және материалдық көмек тағайындау;
- Қайырымдылық көмектерді әділ бөлу, демеушілер тарапынан түскен көмектерді мұқтаж отбасылар арасында үлестіру мәселелері.

Қамқоршылық кеңестің барлық шешімдері хаттамалар арқылы ресімделді, көмек көрсету барысында ашықтық пен әділдік сақталды.

## **Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған (ААҚҚ), патронаттық тәрбиедегі балалардың құқығын қорғау:**

Аталған санаттағы балаларға қатысты жұмыстар жоспарда қарастырылған: оларды арнайы журналға тіркеу, бақылау күнделігін жүргізу, психологқа ұсынымдар беру, тұрғын үй кезегіне қою, жәрдемақының мақсатты жұмсалуды бақылау, тұрмыс жағдайын тексеру, үй-мүлкінің сақталуын қадағалау, профилактикалық-медициналық тексеруден өткізу жұмыстары.

### **Нәтижелер:**

Оқу жылы барысында мектепте жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған (ААҚҚ) және патронаттық тәрбиедегі балалар анықталған жоқ. Сондықтан бұл санаттағы балаларға қатысты жоғарыда көрсетілген жұмыстар жүргізілген жоқ.

## **V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс Атқарылған жұмыстар:**

**Ата-аналар жиналыстарына қатысу:** Оқу жылы бойы барлық ата-аналар жиналыстарына қатысып, білім алушылардың құқықтары, буллингтің алдын алу, мектепке қатысу мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жалпы **20-дан астам ата-аналар жиналысына** қатысты.

**Буллингтің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары:** Оқушылар мен ата-аналарға буллингтің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылып, арнайы жаднамалар таратылды. Буллингтің негізгі белгілері мен одан қорғану жолдары туралы ақпарат берілді.

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы аясында сабақтар өткізу:** Оқу жылы бойы ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы аясында ата-аналарға арналған **4 сабақ** өткізілді. Сабақтардың тақырыптары: "Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі", "Жасөспірімдермен қарым-қатынас психологиясы", т.б.

**Үйде оқытылатын оқушылардың ата-аналарымен кездесу:** Үйде оқытылатын **1 оқушының** ата-аналарымен кездесулер ұйымдастырылып, әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар атқарылды.

<https://www.instagram.com/reel/DJ3K1ciiH9d/?igsh=MTVla2VtYzMweGVoaQ==>

<https://www.instagram.com/p/DJo2tcII-K9/?igsh=YjJocW45dXk3Zzls>

### **Нәтижелер:**

Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі құзыреттілігі артты, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастық нығайды. Буллингтің алдын алу бойынша ата-аналардың хабардарлығы жоғарылады.

## **VI. Диагностикалау-талдау қызметі**

### **Атқарылған жұмыстар:**

**Оқушылардың әлеуметтік ерекшеліктерін анықтау:** Тамыз және қаңтар айларында оқушылардың әлеуметтік ерекшеліктерін анықтау мақсатында отбасы картасы, әлеуметтік картасы, оқушы картасы және т.б. толтырылды. Бұл деректер алдағы жұмыстарды жоспарлау үшін негіз болды.

**«Буллинг жағдайы: агрессор, куәгер және жәбірленуші» семинар-тренингі:** 13.11.2024 ж. семинар-тренинг өткізілді, оған 27 оқушы қатысты. Нәтижесінде оқушылар буллингтің түрлері мен одан қорғану жолдары туралы білімдерін арттырды.

**Білім алушылар арасындағы зорлық-зомбылық сауалнамасы:** 02.12.2024 ж. зорлық-зомбылыққа қатысты сауалнама жүргізіліп, 61 оқушы қамтылды. Сауалнама нәтижелері мектепте зорлық-зомбылықтың жоқтығын көрсетті.

**«Әлеуметтік дағдылар: қарым-қатынас құпиялары» семинар-тренинг:** 12.04.2024 ж. семинар-тренинг өткізіліп, оған 27 оқушы қатысты. Бұл шара оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ықпал етті.

**«Әр баланың құқығы – мемлекет құндылығы» семинар-тренингі:** 30.01.2025 ж. семинар-тренинг өткізіліп, оған 25 оқушы қатысты. Оқушылардың құқықтық сауаттылығы артты.

**Ата-аналар мен білім алушыларға буфеттік тамақтану және бір реттік тамақтану сапасына қанағаттану деңгейін анықтау сауалнамасы:** 20.09.2024 ж. және 10.02.2025 ж. сауалнамалар жүргізіліп, нәтижелері тамақтану сапасының жақсы екенін көрсетті.

**Бір реттік тамақтандырумен қамтылған білім алушыларға және ата-аналарға арналған ұсынымдар, чек-парақтар мен видео-түсіндірмелер:** 10.10.2024 ж. және 03.03.2025 ж. «Ас – адамның арқауы», «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, чек-парақтар мен видео-түсіндірмелер дайындалды.

#### **Нәтижелер:**

Жүргізілген диагностикалық жұмыстар әлеуметтік педагогтің жұмысын жекелендіруге және әр оқушының қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік берді. Сауалнамалар арқылы білім алушылар мен ата-аналардың қажеттіліктері мен пікірлері анықталды. Профилактикалық семинар-тренингтер оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға және құқықтық сауаттылығын арттыруға септігін тигізді.

#### **Қорытынды**

2024-2025 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жұмыс жоспары толық көлемде және тиімді орындалды. Жоспарда көрсетілген барлық іс-шаралар өз уақытында өткізіліп, жоспарланған нәтижелерге қол жеткізілді. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға дер кезінде көмек көрсетіліп, олардың құқықтары қорғалды. Ата-аналармен, педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен өзара тиімді ынтымақтастық орнатылды. Бұл жұмыс білім алушылардың әлеуметтік әлауқатын жақсартуға, олардың оқу процесіне толықтай қатысуына және қоғамға бейімделуіне ықпал етті.

Мектеп директоры:



М.А. Умбеталин

Орындаған әлеуметтік педагог: Р.К. Умбеталина  
тел: 87073620647